

ОӨЖ 347.73

DOI: 10.54649/2077-9860-2020-3-62-66

**М.Н. Саятова<sup>1</sup>****<sup>1</sup>Каспий қоғамдық университеті,  
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.  
E-mail: madinasayatova@mail.ru**

## **БАНКТІК ҚАРЫЗДЫ НЫСАНАЛЫ ЕМЕС ПАЙДАЛАНУ**

### **Аңдатпа**

Бұл мақалада банктік қарызды нысаналы емес пайдалану ұғымы, сондай-ақ аталған мәселені реттейтін заңнама нормалары қарастырылады, банктік қарызды нысаналы емес пайдаланудың ықтимал салдары қарастырылады. Зерттеу қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері берген банктік қарызды нысаналы пайдалану бұзылған кезде қарыз алушылардың жауапкершілігін бекіту бөлігінде заңнаманы қайта қарау қажеттілігі жайлы қорытынды жасалады.

**Түйінді сөздер:** банктік қарыз шарты, қарыз алушы, нысаналы несие, несиені нысаналы емес пайдалану, шартты бұзғаны үшін жауапкершілік, жарамсыз мәміле.

**М.Н. Саятова<sup>1</sup>****<sup>1</sup>Каспийский общественный университет,  
Республика Казахстан, г. Алматы  
E-mail: madinasayatova@mail.ru**

## **НЕЦЕЛЕВОЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ БАНКОВСКОГО ЗАЙМА**

### **Аннотация**

В данной статье рассматривается понятие нецелевого использования банковского займа, а также нормы законодательства, регулирующие указанный вопрос, рассматриваются возможные последствия нецелевого использования банковского займа. По итогам исследования делается вывод о необходимости пересмотра законодательства в части закрепления ответственности заемщиков при нарушении целевого использования банковского займа, предоставленного банками второго уровня Республики Казахстан.

**Ключевые слова:** договор банковского займа, заемщик, целевой заем, нецелевое использование займа, ответственность за нарушение договора, недействительная сделка.

**M.N. Sayatova<sup>1</sup>****<sup>1</sup>Caspian Public University  
Republic of Kazakhstan, Almaty  
E-mail: madinasayatova@mail.ru**

## **MISUSE OF A BANK LOAN**

### **Annotation**

This article discusses the concept of misuse of a bank loan, as well as the legal norms governing this issue, and considers the possible consequences of misuse of a bank loan. According to the results of the study, it is concluded that it is necessary to review the legislation in terms of fixing the responsibility of borrowers in case of violation of the intended use of a bank loan provided by second-tier banks of the Republic of Kazakhstan.

**Keywords:** bank loan agreement, borrower, target loan, misuse of credit, liability for breach of contract, invalid transaction.

Нарықтық экономиканың қазіргі жағдайында банктер мен клиенттер арасында тең құқыққа, өзара сенімге негізделген қатынастар орнатылуда, бұған дәлел - банктердің ерекше сенімін пайдаланатын корпоративтік клиенттерге берілетін бланкілік несиелердің жиі кездесетін жағдайлары; үшінші тұлғалардың кепілдігімен қаржыландыру; мүлікті кепілге беру бойынша міндеттемені кейінге қалдыруды ұсына отырып несиелеудің үлкен көлемі және т. б. Сонымен бірге, клиенттерге деген сенімнің артуына, оның ішінде іскерлік мәдениеттің өсуіне қарамастан, қарыз алушылардың банктік қарызды алып, оны нысаналы емес мақсатта пайдаланатын жағдайлардың да орын алуы жоққа шығарылмайды.

Жалпы ереже бойынша, егер шартта өзгеше көзделмесе, заем нысаналы емес болады және заемшы алынған заем нысанасын өз қалауы бойынша пайдаланады [1].

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан былай – ҚР АҚ) 720-бабының 2-тармағына сай, шарт заемшының заем нысанасын белгілі бір мақсатқа пайдалануы шартымен (нысаналы заем) жасалған жағдайда, заем берушінің заемның нысаналы пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыруға құқығы бар, ал заемшы заем берушінің осындай бақылауды жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.

ҚР АҚ-нің 720-бабы 2-тармағының мағынасын негізге ала отырып, заңнамада қарыз берушінің бақылауды жүзеге асыруының нақты нысандары мен әдістері белгіленбегенін байқауға болады, бірақ оған қарамастан қарыз алушының несие берушіге несие қаражатының жұмсалуды бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік беру міндеті белгіленгені туралы қорытынды жасауға болады.

Банктік қарызды нысаналы емес пайдалану бойынша жауапкершілік тек нысаналы заем рәсімделген жағдайда және ол бойынша қаражат нысаналы емес жұмсалған кезде ғана туындайды.

Нысаналы заем деп нақты бір немесе бірнеше белгіленген мақсатқа берілген несие түсініледі [2]. Қалыптасқан банктік тәжірибені талдау, қарыздың мақсаты, егер ол заңда көзделген талаптарға қайшы келмесе, іс жүзінде кез келген болуы мүмкін екенін көрсетеді. Мысалы, мүлікті (жылжымалы да, жылжымайтын да) сатып алуға, оқуға арналған шығындарды қаржыландыруға және т. б. қарыздар беруге жол беріледі.

Нысаналы несие ерекшелігі - төмен пайыздық мөлшерлеме. Сондықтан да көптеген азаматтар нысаналы емес бағдарлама бойынша несие алудан гөрі нысаналы несие рәсімдеуге тырысатыны таңқаларлық емес. Ал банк үшін несие мақсаты оның қайтарылуын бақылау құралдарын анықтауға мүмкіндік береді.

Несие мақсаты бойынша пайдаланылуын растау туралы талапты орындау мақсатында қарыз алушы несие мақсаты нысаналы жұмсалуды дәлелдейтін құжаттар тізбесін банкке табыстауға міндетті. Бұндай құжаттар тізімі әр несие жобасының шарттарына байланысты әр түрлі болуы мүмкін.

Олардың ішінде ең көп таралған нұсқалары келесідей:

Ипотека: сатып алу-сату шарты, тапсыру актісі, шығыстарды растайтын өзге де құжаттар;

Автонесие: сатып алу-сату шарты, сақтандыру полисі (несие қаражатына сатып алынған жағдайда);

Білім беру үшін: білім беру мекемесімен жасалған келісім-шарт, диплом (аяқталғаннан кейін) және т.б.

Қарыз алушы тарапынан несие берушіге несие қаражатының нысаналы пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыруға кедергі жасау - банктік қарыз шартын мерзімінен бұрын бұзу үшін дербес негіз болып табылатынын атап өткен жөн. Қарыз алушының бақылауды жүзеге асыруға кедергі жасауы дәлелдеме құжаттарын уақтылы ұсынбаудан немесе құжаттарды толық көлемде ұсынбаудан көрінуі мүмкін.

Негізі несие нысаналы емес жұмсау өте қиын болуына және банктік қарыз шартында ол бойынша жауапкершілік көзделгеніне қарамастан, кейбір азаматтар заңды айналып өтуге әлі де тырысады. Олар "нысаналы" несие рәсімдеп, бірақ өз кезегінде бұл несие қаражатын басқа мақсаттарға пайдалануға бағытталған алаяқтық схемалар бар.

Олардың ішіндегі ең кеңінен таралған схема - ол жалған мәміле жасау болып табылады. Мысалы, қарыз алушы сатып алу-сату шарты бойынша сатып алушы ретінде әрекет етіп, аталған шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау үшін несие алады, бірақ несие қаражатын мүлдем басқа мақсаттарға пайдаланады. Бұл жағдайда, әдетте, барлық осындай мәмілелер келіскен екі тарап арасындағы заңсыз қатынастар (жалған немесе құлықпен жасалған сатып алу-сату шартын жасасу) аясында болады.

ҚР АҚ-нің 720-бабының 3-тармағына сәйкес заемшы заем нысанасын нысаналы пайдалану жөніндегі міндеттерді, сондай-ақ осы баптың 2-тармағында көзделген міндеттерді орындамаған жағдайда заем беруші заем нысанасының берілмеген бөлігіне қатысты шартты орындаудан бас тартуға және заемшыдан заем нысанасын және ол бойынша сыйақыны мерзімінен бұрын қайтаруды талап етуге құқылы.

Осылайша, ҚР АҚ-нің 720-бабының 3-тармағына сәйкес банктер өзінің құқығын пайдалана отырып, кез келген қарыз алушыдан несиенің нысаналы мақсатын сақтауды талап етуге толық құқылы, оған сәйкес банк іс жүзінде және заңды әрекеттермен өзінің бұзылған құқықтарын қорғауды (өзін-өзі қорғау) жүзеге асыруға құқылы (ҚР АҚ-нің 9-бабының 3-тармағы).

Қарыз сомасын (сондай-ақ есептелген сыйақыны) мерзімінен бұрын қайтару туралы талапты іске асырудың өзі шоттар бойынша қозғалыстарды тиісті тексеруді жүргізу кезінде немесе қандай да бір мүлікті сатып алуға несие алынған жағдайда кепіл нысанасына мониторинг жүргізу кезінде несиенің нысаналы емес пайдаланылуын анықтау сатысында мүмкін болады. Алайда, іс жүзінде банктік қарыз шарттары бойынша даулардың өзге түрлеріне қарағанда несиені нысаналы емес пайдалану туралы "таза" даулар сирек кездеседі, себебі, көбінесе несие қаражатын нысаналы емес пайдалану несие бойынша қарызды уақтылы қайтару міндетін орындамаумен біріктіріледі.

Бүгінгі таңда қарыз алушылардың осындай бұзушылықтарына жол бермеу үшін банктер мынадай шаралар қабылдайды:

Қарызалушыға ақшаны тікелей аудармайды. Банктер өздерін сақтандыру мақсатында несие қаражатын тікелей сатушының шотына (мысалы, автодилерге) жібереді, оны алаяқтық фактісіне алдын ала тексереді.

Ірі айыппұлдар. Банктер банктік қарыз шарттарына берілген несие қаражатының нысаналы емес жұмсалатын болса қарыз алушыларға айыппұл төлеу туралы талапты енгізеді.

Қайтару туралы талап. Банктік қарыз шартының ережелерінің бірі – несиенің толық сомасын дереу қайтару туралы тармақ болуы мүмкін. Оған қоса, қарыз алушыдан қосымша есептелген пайыздар алынуы мүмкін.

Егер банк несие қаражатының нысаналы емес жұмсалу фактісін дәлелдесе, бірақ шарт

талаптарында айыппұл салу немесе соманы қайтару туралы ережелер көзделмесе, онда оның сотқа жүгінуге құқығы бар. Сот тәжірибесі көрсеткендей, банктер мұндай істерді жеңеді. Себебі, олардың бұл фактіні растайтын толық дәлелі бар болуында, сондықтан олар қарыз алушыны несиені қайтаруға тарта алады.

Осылайша сот талқылауларының бірінде келесідей іс қаралды.

"Жұмыспен қамту жол картасы 2020" бағдарламасы шеңберінде ауылда кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу мақсатында К. азаматына нысаналы мақсаты – мал шаруашылығын дамыту болып табылатын 3 000 000 теңге сомасында несие берілді.

"Жұмыспен қамту жол картасы 2020" бағдарламасын іске асыру мәселелерін қарау жөніндегі комиссияға жауапкер берген бизнес-жоспардан несие ресурстарының нысаналы мақсаты 8 бастан 250 000 теңгеден ірі қара мал, 480 000 теңгеге шөп, жемшөп - 360 000 теңге, сабан – 60 000 теңге, тұз – 12 000 теңге, мүкәммал – 88 000 теңге сатып алу болды.

Сонымен қатар, сот отырысында талап қоюшының талап арызы бойынша алынған несие қаражатының нысаналы емес пайдаланылғаны, атап айтқанда мал шаруашылығын дамытудың орнына азамат К. 2014 жылы шығарылған ГАЗ 3302 автокөлігін сатып алғаны және ола автокөлікті кейіннен басқа банктен алынған несие сомасын қайтаруды қамтамасыз ету мақсатында сол банкке кепілге берілгені анықталды. Сонымен қатар, К. азаматының жеке қосалқы мал шаруашылығы мүлдем жоқ екендігі анықталды.

Азамат К. мен банк арасында банктік қарыз шартын жасасу кезінде тараптар несие қаражатын нысаналы емес пайдаланғаны үшін, атап айтқанда, несиені нысаналы емес пайдалану сомасының 25% мөлшерінде айыппұл төлейтіні жайлы жауапкершілікті белгілеген.

Талап қоюшы шартта көзделген талаптар бойынша өз құқықтарын іске асыра отырып, азамат К.-дан алынған несиені 3 000 000 теңге сомасында мерзімінен бұрын қайтаруды, 58 162 теңге сыйақы, сондай-ақ 850 000 теңге мөлшеріндегі айыппұл санкциясының сомасын төлеуді талап етті.

Азамат К. "нысаналы" несиені алып, оны өз түсінігі бойынша пайдалануына байланысты несие сомасын қайтарумен қатар, сот шешіміне сәйкес талап қоюшыға шартта көрсетілген 850 000 теңгеге тең санкцияны төлеуге міндетті болды.

Алайда кейбір ғалымдардың пікірінше,

теориялық тұрғыдан (банктік қарыз шартында тиісті талаптарды бекіту арқылы) банк қарыз алушыдан банктік қарызды нысаналы пайдалануын талап ету құқығын ескерсе де, бұл іс жүзінде жүзеге асырылмайтынына сенімді, өйткені бұл банктің несиесі мекемесі ретіндегі сипатына сәйкес келмейді дейді [3].

Қолданыстағы заңнамада мәмілені жарамсыз деп тану жағдайлары көзделген (ҚР АҚ 4-тарауы). Несие белгілі бір заңды мақсаттарда алынған кезде және оны әдейі басқа мақсаттарда пайдаланғанда, қарыз алушының несиені, сонымен қатар, алаяқтық жолымен алғаны туралы да айтуға болады.

Бұл жағдайда, егер алдау туралы айтатын болсақ, онда ҚР АҚ-нің 159-бабының 9-тармағын қолдануға болады, онда, атап айтқанда, алдаудың ықпалымен жасалған мәмілені сот жәбірленушінің талабы бойынша жарамсыз деп тануы мүмкін делінген. Бұл жағдайда жәбірленуші тарап ретінде банк әрекет етеді.

Осыған байланысты жоғарыда айтылған мәміле ҚР АҚ айқындаған негіздер бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін деп болжауға болады, бірақ банкке бұл ретте алдаушынымен орын алғанын дәлелдеу қажет болады.

Мәмілені (банктік қарыз шартын) жарамсыз деп тану туралы талап қоюға құқығы бар тұлға банк болып табылады. Алайда банк үшін бұндай негіз (несиені нысаналы емес пайдалану) бойынша талап қою сияқты мәселені шешу тиімсіз болып көрінеді, өйткені қарыз алушыға дефолтты (шарт бойынша міндеттемелерді орындамау не тиісінше орындамау фактісін) жариялап, осыдан туындайтын құқықтық және мүлктік салдарлармен (жоғары сыйақы (айыппұл) төлеу, қарыз сомасын мерзімінен бұрын өтеу, қарыз алушының қарызды қайтару жөніндегі міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету ретінде берілген мүлікке (құқықтарға) өндіріп алуды қолдану) сияқты шешімді қолдану әлдеқайда тартымды болып көрінеді.

Осылайша, егер шартта несиесі мақсаты айқындалған болса, банк несиені белгілі бір мақсат бойынша пайдаланбайтын қарыз алушыға қатысты санкциялар қолдануға

құқылы.

Банктік қарыз шартында банктік қарыз мақсаты сияқты міндетті талап болуға тиіс [4]. Яғни, несиесі белгілі бір мақсатқа алынған жағдайда, шартта несиесі мақсатын көрсету міндетті шарт болып табылады. Көрсетілген талапты ескере отырып, жоғарыда айтылғандардан, қолданыстағы (банктік) заңнама нормаларында шартта белгіленген мақсатқа берілген банктік несиені нысаналы емес пайдалануға тыйым салынады деп тұжырымдауға болады.

Бұл ретте, банктік несиені нысаналы емес пайдалануға тыйым салудың болуын анықтай отырып, банкте несиені алумен және оны нысаналы емес мақсатта пайдаланумен байланысты мәмілелер бойынша тұлғалардың жауапкершілігінің болуы мен дәрежесін анықтау қажет.

Осыған байланысты, қолданыстағы заңнамада жоғарыда көрсетілген мәмілелер бойынша тұлғалардың жауапкершілігі көзделмеуіне қатысты олқылықтар бар екенін атап өткен жөн. Оның көрнекі дәлелі - Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі және Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі тек мемлекеттік несиені не мемлекеттің кепілдігімен берілген несиені нысаналы мақсатынан тыс пайдаланғаны үшін ғана (Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 233-бабының 2-тармағы және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қылмыстық кодексінің 219-бабы) көзделген жауаптылық болып табылады.

Заң шығарушы мемлекеттік қаржы құралдарын нысаналы емес пайдаланғаны үшін жауапкершілікті тікелей көздеген, ал жеке коммерциялық ұйымдар берген қаржы құралдарын нысаналы емес пайдаланғаны үшін тұлғалардың тиісті жауапкершілігі көздемеген. Бұл жағдай нормативтік құқықтық актілерге тиісті өзгерістер енгізу арқылы осы өзекті мәселені барабар шешуді талап етеді, өйткені бұл мәселені заңнамалық деңгейде шешу - жеке капиталға өзінің заңды мүдделерін қорғауда көмек болар еді.

#### Пайдаланылған қайнар көздер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі (Жалпы және Ерекше бөлімдері). – Алматы: ЮРИСТ, 2019. – 352 б.
2. Давыдова Л., Райманов Д.. Банковское право Республики Казахстан. Учебное пособие. – Алматы: Жеті жарғы, 2004. – 640 с.

3. Агарков М.М. Основы банковского права. Курс лекций. М.: Издательство БЕК, 1994. С. 95.
4. «Банктік қарыз шартын жасасу тәртібін, оның ішінде банктік қарыз шартының мазмұнына, ресімделуіне, міндетті талаптарына қойылатын талаптарды, қарызды өтеу графигінің нысандарын және қарыз алушыға – жеке тұлғаға арналған жадынамаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 23 желтоқсанындағы № 248 қаулысы. Интернет-ресурс: <https://adilet.zan.kz/>.

#### References:

1. Qazaqstan Respublikasynyn Azamattyk Kodeksy (Zhalpy zhane Erekshe bolimderi). – Almaty: YuRIST, 2019. – 352 b.
2. Davydova L., Raimanov D.. Bankovskoe pravo Respubliki Kazahstan. Uchebnoe posobie. – Almaty: Jetti jargy, 2004. – 640 s.
3. Agarkov M.M. Osnovy bankovskogo prava. Kurs leksii. M.: Izdatelstvo BEK, 1994. S. 95.
4. «Banktik qaryz shartyn jасasu tartibin, onyn ishinde banktik qaryz shartynyn mazmunyna, resimdeluine, mindetti talaptaryna qoiylatyn talaptardy, qaryzdy oteu grafiginin nysandaryn jane qaryz alushyga – jeke tulgaga arналган jadyynamalardy bekitu turaly» Qazaqstan Respublikasy Ulttyq Banki Basqarmasynyn 2019 jylgy 23 jeltоqsanyndagy № 248 qaulysy. Internet-resurs: <https://adilet.zan.kz/>